

Бекітемін *Алтын Сақа*
Балабақша әдіскері А.Жаксылыкова
02.09.2025

"Білім күні"

(МАД «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті)



Тәрбиеші: Жамишова Г

Таушық ауылы, 02.09.2025 жыл.

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Білім күні!»

Мақсаты: Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

Барысы:

Естігенде көк аспанның астында,
Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.
Бар қазақтың үніндей шарықта,
Шарықташы, Әнұраным, шарықта!

Хор: “Әнұран”

Шаттық шеңбері:

Жаңа қадам жасадым,
Қош болып тұр, бесігім.
Мен қуанып ашамын,
Балабақша есігін.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. Бұл күн сендер үшін, яғни балалар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қонырау соғылады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Сұрақ-жауап:

*Рәміздерімізді атап беріңші?

- әнұран, елтаңба, ту.

*Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

- Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

*Қазақстан Республикасының президенті кім?

- Қасым Жомарт Тоқаев.

*Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?

-Қазақстан Республикасының елордасы Нұрсұлтан қаласы.

*Біз қай ауылда туып, өмір сүріп жатырмыз?

- Біз Таушық ауылында туып, өмір сүріп жатырмыз.

* Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?

-«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздерінің Республикаларын, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Жарайсыңдар!

II. Негізгі бөлім.

Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.

Тәрбиеші: Мақалдың жалғасын табамыз!

Білекті бірді жығар,

.....

Кітап- білім бұлағы,

.....

Ақыл азбайды,

.....

Оқы да біл,

.....

Сергіту сәті.

Күндей болып күлеміз,

Гүлдей болып өсеміз.

Құстай болып ұшамыз,

Көбелектей қонамыз.

Қорытынды бөлім.

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын.



